

- Сборник материалов I Всероссийской и международным участием научно – практической – конференции. / Красноярск.: 2003. – С. –155 – 157.
9. Быков А.И. Средства и методы физического воспитания детей. – М.: «Физическая культура и спорт», 1979. – 256 с.
10. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. – М.: «Просвещение», 1990. – 287 с.
11. Матвиенко Е.Г. Физическая культура. – М.: «Физическая культура и спорт», 1983. – 240 с.
12. Зелеский М.З. Как стать сильным. – М.: РОСЭН, 2000 – 126 с.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ –ХАЛҚЫМЫЗҒА РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН НАҚТЫ БАҒДАР

Өмірбаева Қ.Ж., 2 курс студенті «Құқық және экономика негіздері мамандығы»
Жетекші: г.ғ.м., аға оқытушы **Жолдыбек Г.Т**
Ө.Сұлтанғазин атындағы мемлекеттік педагогикалық университеті

«Қазақ елінің озып үдеген кезі де, тозып жүдеген кезі де аз емес» деген тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ елі «тар жол, тайғақ кешуден» де өтті. Бүгінде «қилы замандардың» қатаң қиыншылықтарын артқа тастап, дамудың даңғыл жолына түсті. Демографиялық соққыны да көрген халқымыз жақсы дәрежеде өркендеді. Біршама жетістіктерді еншілегенімен әрі қарай дамып, ел экономикасын көтеруді тоқтатпай келеді. Әлем елдерімен иық тірестірілдік дәрежеге жету үшін маңызды істер қатарын көбейттік. Дәлірек айтсақ, ел мүддесі үшін жасалуға міндетті парыздар өтелуде. Дамудың жаңа процесстері жолға қойылды. Ең басты назар аударатыны – рухани жаңғыру, жаһандану мәселелері [1,2 б].

Аталған мәселелер бүгінгі күннің басты тақырыптары болып отыр. Ол тек қана біздің мемлекетімізде емес, дамушы мемлекеттердің барлығының көздегені дамыған мемлекеттер қатарына қосылу екені белгілі. Көздегенге жетуге деген халықтың үміті мен сенімі тікелей жастарға артылады. Неге десеңіз, еліміздің болашағының жарқын болуы, солардың іс-әрекеттеріне , әр қадамдарына байланысты. Тұңғыш Президентіміздің өзі де «Болашақ - жастардың қолында» деп айтқан болатын. Себебі, олар - мемлекет тірегі, бүгіннен келешекке жалғаушы сенімді көпір. Жас ұрпақтың мақсаттары мен міндеттері айқын, анық болса, әр қадамы нық басылса ғана, біз өркениетке бет бұрған шағымыздан ешқашан таймаймыз. «Нағыз патриот - өз елін мақтайтын емес, нағыз патриот кемшіліктерді байқап, оларды түзеуге ықпалдасатындар» деп сипаттағандай, нағыз патриотты жастарымыз көп болса, онда кемелденген болашаққа үміткер боларымыз сөзсіз.

Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман. Қазіргі заманда көздегеніңе және табысқа жету үшін бірнеше сатылы баспалдақтардан өтуің керек болады. Әр сатыда әр түрлі қиындықтар кезігіп, мәселелер туындауы мүмкін. Оларды жеңе білу өте маңызды болып келеді. Жеңіске жетіп қана қоймай, одан пайдалы нәтиже болмаса пайда болу керек. Ал қиындықтар тек қабілеттілікпен, ақыл-ойдың күшімен еңсеріледі. Сонымен қатар жетем дегеніңе ортақтасушылар қатары көбейе түссе, осы ретте бәсекеге деген қабілетің жан - жақты сыналады. Бәріңізге белгілі – 2017-ші жылдың 12 сәуірінде Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланған болатын . Осындағы рухани жаңғыру деп отырғанымыз мемлекет дамуының айқын үлгісі мен еліміздің нақты қадамдарын көрсететін саралы ой мен елдігіміздің сақталуының кепілі. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Осы жаңғырудың жүзеге асырылуында қоғам бірлігі, белсенділігі, білімділігі мен біліктілігі сыналады. Керегі , «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару».

Тұңғыш Президенттің тың бастамасында білімге басымдық берілген. Н.Ә.Назарбаев : «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар»- дейді. Айтылған парасатты ойының мазмұны тереңде жатыр. Болашақты тізгіндейтін жас ұрпақтың бар керектіні бір бойына тоғыстырған кемел тұлға болуын қалайды. Сол үшін де мүмкіндік шектелмейді.

«Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеругі тиіс»-деп, идеология туралы ойын да білдірген. Зерделі пікір алға қарай қадам басуға ықпал жасайды. Бастысы еліміздің бағдары айқын. Ол бағдар әлем көшінен қалдырмайтынына күмән жоқ. Әлемді мойындатар және өзге елмен теңесерлік жағдайға жетуге мүмкіндік жасайды.

Жарқын болашақ қақпасының кілті бәсекеге қабілеті артқан, «елім, жерім» деп соғып тұрған батыл жүректі ұрпақтардың қолында болғандықтан, осы қасиеттің қалыптасуы отбасындағы алған тәрбиемен тығыз байланыста деп ойлаймын. Қабілетті болып қалыптасудың үрдісі мектеп қабырғасындағы білім мен тәлім-тәрбиеден де бастау алады. Себебі, білім ғана табысқа жетудің ең негізгі көзі. Білімділігің жоғары, біліктілігің өзгелерден басым болса кез келген саланың ісін жүргізуде мықты маман бола алатының белгілі. Сонымен қоса, Тұңғыш Елбасы мақаласында : «Біз бүгінгі жаңа атауды ертең-ақ ескіге айналдыратын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз» деген [2]. Шынында да, осы күнгі жеңістеріміздің артында қаншама маңдай тер, ерен еңбек, батыл қадамдар, маңызды шешімдер, жүйелі жобалар, күрделі процесстер жатыр. Бірақ бұрынғы заманның жағдайы мен қазіргіні салыстыруға мүлдем келмейді. Қазір күннен күнге жаңару мен жаңғырулар орын алып жатыр. Ілесіп, әр істі әрі қарай жүргізіп кетуге ерекше жылдамдық қажет. Осы тұста тек жылдамдықтың емес, бәсекеге қабілеттіліктің рөлі маңызды.

Жақсы өмір қоғамға тыныштық сыйлап, үздіксіз серпілістер туындатып тұрады деп ойлаймын. Ал жақсы өмір сүру үшін, адамға өзгеру керек. Өзгерістер - жаңа заман талабына сай жүрсе, бұдан пайда болмаса, еш зиян келмейтіні белгілі. Басты қағидамызға айналған жаңаша жаңғыру орындалса, келешектен күтер табыс пен жеңістер қатары молаюына еш күмәніміз болмас.

Қорыта келгенде, мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі керек, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті мемлекеттердің қолында. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Мен және барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» «Егемен Қазақстан» №74 . 2017.-24б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ-ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ

Сүндет Б.Б., 2 курс студенті «Құқық және экономика негіздері мамандығы»

Ғылыми жетекші: Ғ.Ғ.М. оқытушы Жолдыбек Г.Ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату еліміз. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар – ожданы, мақтанышына айналуы тиіс. Осы орайда Бауыржан Момышұлының «анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дәл қазіргі калпынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді.

Мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе, тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі болып табылады. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір Қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя қажымай ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгерері анық.

Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы болашағы, шығар биіктері саяси-экономикалық факторлармен қатар, оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің де дамуына тікелей байланысты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызда анық айқындалған. Елбасымыз да «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» деп қадап көрсетті.

Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілін – ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз [1].

Елбасымыз: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» - деп атап көрсеткен.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. «Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші, өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі ғана емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-деген болатын [4].

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет